

Жерлестері еске алды




22 қазан күні Ақсу-Аюлы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде Қазақстан Республикасының спорт шебері, марқұм Аманбаев Айдын Социалұлы еске алуға арналған дзюдодан 2003-2004 жылдары және 2005-2006 жылдары туылған кіші жас-өспірімдер арасында Шет ауданының ашық турнирі өтіп, 28, 30, 34, 38, 42, 55 және 55 келіден жоғары

Қарағайлыдан барлығы 300 жас палуандар қатысты.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны ойналғаннан кейін турнирдің ашылу салтанатында Ақсу-Аюлы ауылдық округі ақсақалдар алқасының төрағасы Шәйкен Әлғожин, Айдыңның әкелері Социал, Тұрсын ақсақалдар, жолдастарының атынан Қиымбеков Ноян сөз сөйлеп, жарысқа қатысушы жас палуандарға сәттілік тіледі.

Әр салмақта өткен тартысты бәсекеде 40-қа жуық жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар, сонымен қатар, «Үздік әдіс жасаған», «Ең жас балуан», «Жеңіске деген құштарлығы үшін», «Жылдам әдіс жасаған», «Белсене күрескен үшін» номинацияларын иеленген палуандар грамота, медальдармен және оқу құралдары салынған пакетпен қоса ұялы телефон, планшеттер тағы басқа да бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Аталмыш турнирді Аманбаев Айдыңның достары мен сынптастары ұйымдастырып,



барлығы 8 салмақ дәрежесінде жүлделерді сарапқа салды.

Байрақты бәсекеге ауданымыздың Ақадыр, Ақжал, Нұраталды, Жұмыскер, Кеншоқы, Талды ауылдарының жас палуандарымен қатар Астана қаласының «Бастау» СК, Қарағанды «Спортта дарынды балаларға арналған мектеп интернаты», Қарағанды «Дзюдо Батыр», «Жас Сұңқар» спорт мектебі, Теміртау, Қаражал, Жезді, Жаңаарқа, Қарқаралы, Ақтоғай,

Ақсу-Аюлы ауылының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне теледидар және бейне камераны табыс етсе, Астана қаласының тұрғыны, ауданымыздың тумасы Нұртазин Серік демеушілік көрсетіп, жас жеткіншектерді жоғарыда аталған номинациялар бойынша марапаттады.

Өз тілшімізден.